

Маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2007 жылғы 30 шілдедегі N 644 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес заңды тұлғалар 2007 жылы мемлекеттік орта білім беру жүйесінде интерактивті оқыту жүйесін енгізу үшін 1042043000 (бір миллиард қырық екі миллион қырық үш мың) теңге сомасында сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілер болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

1) осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалармен тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттар жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшалай қаражатты ұтымды және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабы 3 және 4-тармақтарының орындалуын;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беруге бөлінетін 2007 жылға арналған республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 ақпандағы N 126 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 4, 58-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беруге бөлінетін 2007 жылға арналған республикалық бюджеттің ағымдағы нысаналы трансферттерін пайдалану ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"076 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

4-тармақта "министрлігі" деген сөзден кейін "білім беру саласындағы мемлекеттік жүйенің жаңа технологияларын енгізу жөніндегі тауарлар мен қызметтерді сатып алуға" деген сөздермен толықтырылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 30 шілдедегі
N 644 қаулысына

ҚОСЫМША

**2007 жылы мемлекеттік орта білім беру жүйесінде
интерактивті оқыту жүйесін енгізу үшін сатып алудың
маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстар
мен қызметтерді жеткізушілер
тізбесі**

P/c N	Жеткізу-шінің атауы	Жеткізу-шінің орналасқан жері	Тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің атауы	Бағдарлама бойынша шығындар (теңге)		
1	2	3	4	5	6	7
1	"Қазақстан" АҚ	Астана қаласы	307 мектеп үшін 50% жеңілдікпен ADSL-желісіне (512кб/сек) қосылу, "Қазақтелеком" АҚ алаңында серверді орналастыру, қызметтер үшін абоненттік ақы	"Қазақтелеком" АҚ алаңында серверді орналастыру, бейнеконференц-байланыс жүргізу үшін VPN желісін құру	Бейнеконференц-байланыс желісін ұйымдастыру	79 784 000
2	"Nurecom LTD" ЖШС	Астана қаласы	307 мектеп үшін ADSL технологиясы бойынша қосымша жабдықтар және бағдарламалық қамтамасыз ету (интерактивті тақта, пульт, планшетка, мультимедиялық компьютер, бағдарламалық қамтамасыз ету),	Сервер сатып алу және орнату	М C U жабдықта-рын+ бейнетерминал (Астана қаласы), бейнетерминал (өңірлер бойынша) сатып алу және орнату	

		м о д е м с а т ы п а л у , п е д а г о г т а р - д ы о қ ы т у , а й н а л ы с е р в е р с а т ы п а л у ж ә н е о р н а т у		96225900 0
	Жиыны	1 042043000		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК